

Қыркүйек айы 2021 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Менің балабақшам»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|------------------------|------------------------------------|--|---------------|
| Папта «Менің достарым» | «Мен және менің достарым» (Әңгіме) | Білімділік: алаптарға «достық» туралы түсінік беру, өзінің есімін, тегін атай білуді үйрету Дамытушылық: Қоршаған ортаны қабылдауға, топтағы балаларды атымен атауға, бір-бірімен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Тәрбиелік: Достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | 09.09. 21ж |
| ІҮ апта «Жиһаздар» | «Қуыршақтың бөлмесі» (Әңгіме) | Білімділік: Балаларға Қуыршақтың бөлмесін таныстыру арқылы үй жиһаздарының ағаштан жасалатыны жайлы түсінік беру. Дамытушылық: Әрбір жиһаздың атауларын ажыратып, атай білуді үйрету Тәрбиелік: Жиһаздарды күтіп ұстай білуге тәрбиелеу. | 23.09. 21ж |

Қазан айы 2021 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---|---|--|---------------|
| I апта «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» | «Менің отбасым» | Білімділік: Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау, туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. Дамытушылық: Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейту, балаларды отбасылық мерекелер мен салтанатты іс-шараларға қатысу дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттері мен өзара қарымқатынастарына түсіністікпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. | 07.10. 21ж |
| III апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық» | Білімділік: Көлік түрлері, жол бөліктері (жаяу жол, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту), бағдаршам белгілерімен таныстыру, жолда жүру ережелері туралы білімдерін естеріне түсіру. Жол бөліктері, бағдаршам белгілерімен таныстыру. Дамытушылық: Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер), жүктің сипаты және қолданылуы машиненің құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинесі және тағы басқа) қарапайым түсініктерін | 21.10. 21ж |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Жолда жүру ережелері, бағдарлам түсінігін, «жаяу жүргінші өткелі» жол белгісі белгілеріне қарай өту дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. | |
|--|--|--|--|

Қараша айы 2021 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Дені саудың-жаны сау»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---|--------------------------------------|--|----------------|
| I-апта «Өзім туралы» | «Денсаулығым – байлығым» | Білімділік: Балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту. Дамытушылық: Денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру. Тәрбиелік: Әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру. Мәдениетті тамақтана білуге тәрбиелеу. | 04.11. 21ж |
| III апта «Өзіңе және өзгелерге көмектес» | «Заттар әлемі (ойыншықтар, ыдыстар)» | Білімділік: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізу, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату. Заттарды белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету. Дамытушылық: Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылық пен зейін қоя білу, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білу дағдыларын дамыту. Түрлі материалдар олардың сапалары мен қасиеттері туралы білімдерін жетілдіру. Тәрбиелік: Ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | 18.11. 21 ж |

Желтоқсан айы 2021 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--|--------------------------|--|-----------|
| I апта «Тарихқа саяхат» | «Менің елім – Қазақстан» | Білімділік: Қазақстан Республикасының бас қаласы –Нұр-Сұлтан қаласы туралы, Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн туралы білімін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының астанасы және мемлекеттік рәміздері туралы білім беру. Дамытушылық: Отанымызға және оның мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімдерін дамыту. Тәрбиелік: Отанымызға және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. | 02.12.21ж |
| IV апта «Тәуелсіз Қазақстан» (ҚРТұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)» | «Қазақстан қалалары» | Білімділік: Балаларға қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Дамытушылық: Қазақстан қалаларын айрықша белгілеріне қарап, ажырата білуге жаттықтыру. Тәрбиелік: Туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 30.12.21ж |

Қаңтар айы 2022 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---------------------------------------|---|---|------------|
| I апта «Айналамыздағы өсімдіктер» | «Бөлме өсімдіктері» Алоэ және аспидистра | Білімділік: Бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистра, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистрамен таныстыру. Дамытушылық: Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті қарапайым қамқорлық жасау дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Балалардың бөлме өсімдіктерін өсіріп, оларға ұқыптылықпен, қамқорлықпен күтім жасауға тәрбиелеу. | 13.01.22 ж |
| III апта «Құстар – біздің досымыз» | «Аялайық құстарды» | Білімділік: Құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету. Дамытушылық: Үй, дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Оларды | 27.01.22ж |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | ажыратып, атай білуге үйрету. Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білім, біліктерін дамыту; Тәрбиелік: Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | |
|--|--|--|--|

Ақпан айы 2022 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---|-------------------------------------|---|-----------|
| I апта «Ғажайыптар әлемі(өлі табиғат құбылыстар» | «Жанды табиғат және жансыз табиғат» | Білімділік: Балалардың жансыз табиғат нысандары,табиғат құбылыстары туралы білімдерінқалыптастыру. Балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. Дамытушылық: Жансыз табиғат нысандары – су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту. Тәрбиелік: Маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу. | 10.02.22ж |
| Шапта «Электроника әлемі» | «Мені қоршаған орта» | Білімділік: Телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы үйрету және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру. Дамытушылық: Қоршаған ортадағы заттарды қолдана білудің қарапайым дағдыларын дамыту. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. Тәрбиелік: Қоршаған ортамен жағымды, ұқыпты, тәртіпті қатынас жасауға тәрбиелеу. | 24.02.22ж |

Наурыз айы 2022 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы :Қоршаған орта
Өтпелі тақырып:«Салттар мен фольклор»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--|---|--|---------------|
| I апта «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері» | «Менің елімнің салт-дәстүрлері» (таныстыру) | Білімділік: Туған елдің салт-дәстүрлермен таныстыру.Бесік жыры,тұсау кесу,бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Дамытушылық: Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту.Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Тәрбиелік: Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру.Елінің | 10.03. 22ж |

| | | | |
|---------------------------------|----------------------------------|--|---------------|
| | | салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. | |
| Шапта «Өнер көзі халықта» | «Қазақтың ұлттық киімдері» | Білімділік: Балалардың ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар туралы білімін жетілдіру. Ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдарды даярлаумен таныстыруды жалғастыру. Дамытушылық: Ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдардағы әдемілікті көре білу дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік: Ересектердің еңбегіне құрметпен, ұлттық киімдерге, әшекей бұйымдарға ұқыппен қарауға тәрбиелеу. | 24.03. 22ж |

Сәуір айы 2022 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы: Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---------------------------------|----------------------------------|---|---------------|
| II апта «Ас атасы - нан» | «Ас атасы – нан» | Білімділік: Балаларға нанның дастарханға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ауылшаруашылығындағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің (диқан) еңбегінің мәнін түсіндіру. Қала мен ауылдың байланысы туралы білім беру. Дамытушылық: Азық-түлікке, нанға обал, сауаппен, ұқыппен қарау дағдыларын қалыптастыру; Тәрбиелік: Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің еңбегіне құрметпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. | 07.04. 22ж |
| IV апта «Еңбек бәрін жеңбек» | «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» | Білімділік: Қазақстан Республикасында тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері, халық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстан Республикасында тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері туралы білім беру. Дамытушылық: Халық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін кеңейту. Тәрбиелік: Қазақстан мәдениетіне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. | 21.04. 22ж |

Мамыр айы 2022 жыл
«Әлеумет» білім беру саласы :Қоршаған орта
Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|-----------------------------|---------------------------------|--|---------------|
| ІІІ апта «Көңілді жаз» | «Күн сәулесі» | <p>Білімділік:Балаларға күн жайлы мәлімет беру.</p> <p>Дамытушылық:Күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Тәрбиелік:Күннің көзі жылу беретіні жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> | 05.05. 22ж |
| Үапта «Мен жасай аламын» | «Табиғат бұрышын мекендеушілер» | <p>Білімділік:Табиғат бұрышын мекендеуші жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға табиғат бұрышындағы – тасбақа туралы білім беру.</p> <p>Дамытушылық:Жануарларға күтім жасауға арналған құралдар және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау үшін қажетті жағдайлар туралы білім, біліктерін кеңейту.</p> <p>Тәрбиелік:Қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> | 19.05. 22ж |

«Таным» білім беру саласы: Құрастыру оқу қызметі 0,5
Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып: «Балабақша»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--|------------------------------|--|-----------|
| I-апта «Менің балабақшам» | «Біздің балабақшаның ауласы» | <p>Білімділік: Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға, олардың көлемі, түсі бойынша ажырата білуге үйрету, ұжымдық жұмыс жасай білуге үйрету. Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік: Өздері ойнайтын құрал-жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> | 01.09.21ж |
| III-апта «Менің сүйікті ойыншықтарым» | «Сылдырмақ» | <p>Білімділік: Қалдық заттармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық заттарды пайдаланып музыкалық аспапты жасай білуге үйрету .</p> <p>Дамытушылық: Дайын болған жұмыстарды толықтыру және безендіру арқылы шығармашылық қиялын дамыту.</p> <p>Дыбысты есте сақтау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту.</p> <p>Тәрбиелік: Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.</p> | 15.09.21ж |

| | | | |
|----------------------|----------|---|-----------|
| V-апта «Жиһаздар» | « Жиһаз» | <p>Білімділік: Құрылыс материалдарын орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды, кірпіштерді, бөлшектерді пайдаланып жиһаздар құрастыра білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Құрылыс материалдарының биіктігі, ұзындығы, ені бойынша -құрылыстарды өзгерте білуге, жиһаз құрастыруда оның бөліктерін атай білуге, олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып құрастыруға үйрете отырып,шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік:Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 29.09.21ж |
|----------------------|----------|---|-----------|

Қазан айы 2021 жылы
Өтпелі тақырып:«Менің отбасым»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---------------------------|---------------|--|-----------|
| II- апта «Менің көшем» | «Біздің көше» | <p>Білімділік:Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға үйрету, көлемі, түсі бойынша ажырата білуге баулу, құрылыс материалдарынан қала көшелерін құрастыруға және құрылысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді пайдалана білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық:Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін ажырата алуға және атап айта білуге үйрету.Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік:Құрылыс материалдарынан ауыл көшелерін құрастыру және өзі тұратын ауылын жақсы көре білуге тәрбиелеу.</p> | 13.10.21ж |

| | | | |
|-------------------------|---|--|-----------|
| IV- апта «Алтын күз» | «Жапырақтар- дан жасалған балықтар» | Білімділік: Табиғи материалдардың қасиеттерімен таныстыру. Балықтардың түрлері туралы түсінік беру және оны табиғи материалдардан жасай білуге үйрету. Дамытушылық: Балаларды жапырақтан түрлі заттар даярлауға баулу, үйрету. Балықты жасауда кепкен жапырақтарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру; Тәрбиелік: Табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 27.10.21ж |
|-------------------------|---|--|-----------|

Қараша айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---|------------|---|-----------|
| II-апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» | « Жүзім» | Білімділік: Қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағаздан кесек орамдар жасай білуге үйрету. Дамытушылық: Қағаз парағын бірнеше бөліктерге бөліп, оны көлемді пішіндер жасай білуге, қағаздан кесектер жасау арқылы жүзімді құрастыра алуға баулу. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 10.11.21ж |
| IV -апта «Біз күштіміз, ептіміз» | « Кітапша» | Білімділік: Қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп бұрыштарды және тараптарды біріктіру, бөліктің негізгі түріне желімдеу. Дамытушылық: Қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуді, заттарды атай алу және олардың өлшемін, түсін, пішінін ажыратуға үйрету. Тәрбиелік: Қағаздан көлемді пішіндерді жасай алуға дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 24.11.21ж |

Желтоқсан айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|---------------------------------|----------------------|--|----------------|
| II-апта «Туған өлкем» | «Қошақан» | <p>Білімділік:Қағаздан құрастыруда ширату немесе шиыршықтау әдісін қолданып қошақанды жасай алуға үйрету, қағазды орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.</p> <p>Дамытушылық:Қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, ширату немесе шиыршықтау әдісін қолданып қошақанды жасай алуға, жолақ қағаз қиюды, оны қарындашқа орау арқылы «бұйра» жүнді қошақанды жасауға үйрету.</p> <p>Тәрбиелік:Үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 08.12.21ж |
| V- апта «Тәуелсіз Қазақстан» | « Көп қабатты үйлер» | <p>Білімділік:Кірпіштерді тігінен және көлденеңінен орналастыру тәсілдерін қолдана отырып көп қабатты үйлерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Дамытушылық:Үлгі бойынша құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.үлгі бойынша құрылыс материалдарынан көп қабатты үйді құрастыруға үйрету.</p> <p>Кірпіштерді тігінен және көлденеңінен қою арқылы кеңістікте құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік:Құрылыс материалдарының бөлшектерін атай білу, олардың құрылымдық қасиеттерін ескере отырып ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 22.12.21ж |

Қаңтар айы 2022жыл
Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|-------------------------------|--------------------|--|----------------|
| II- апта «Жануарлар әлемі» | «Хайуанаттар бағы» | <p>Білімділік: Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін ажырату және құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра алу дағдыларын қалыптастыру, ұжымдық жұмыс жасай алуға үйрету.</p> <p>Құрылыс материалдарынан хайуанаттар бағын құрастыра білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Аңдардың дене бітіміне сәйкес құрылыстарды дұрыс құрастыруға дағдыландыру.</p> <p>Тәрбиелік: Ұйымдасып жасаған жұмыстарын аяғына дейін аяқтай білуге баулу, хайуанаттарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 05.01.22ж |
| IV- апта «Ғажайып қыс» | « Қар және аққала» | <p>Білімділік: Қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға, қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру арқылы қар кесегін және аққаланы жасай алуға үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Аққала мен қар кесектерін кеңістікте дұрыс орналастыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> | 19.01.22ж |

Ақпан айы 2022 жыл
Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--------------------------------------|--------------------------|--|-----------|
| II- апта «Көліктер» | «Машиналар» | <p>Білімділік: Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және онымен ойнай отырып «Лего» конструкторлармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>-2-4 бөліктен тұратын қарапайым құрылыс жасай білуге, бөлшектерді таңдай білуге және әртүрлі тәсілдермен біріктіре отырып мәшине құрастыра білуге үйрету. Көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Құрылыс жасау ережесін сақтай білуге дағдыландыру.</p> <p>Дамытушылық: «Лего» конструкторымен жұмыс жасауға қызығушылығын ояту, ұсақ бұлшық еттерін дамыту.</p> <p>Тәрбиелік: Ұжыммен бірлесіп жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 02.02.22ж |
| IY- апта «Мамандықтың бәрі жақсы» | «Мамандықтың бәрі жақсы» | <p>Білімділік: Балаларды шаршыдан шеңбер қиып, сайқымазақтың басын жапсыруға, қатар бойымен макарондарды қойып сайқымазақтың шашын жасауға, бет-әлпет белгілерін жапсырып, сайқымазақты құрастыруға үйрету; гофрленген қағаздарды бірнеше қайтара бүктеп бант жасауға үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Гофрленген қағаздармен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сайқымазақ мамандығымен таныстыру; мамандықтар және олардың құралдары жайлы білімдерін толықтыру; түстер және пішіндер жайлы білімдерін бекіту; қағаз бетінде дұрыс бағдарлауды үйрету.</p> <p>Тәрбиелік: Үлкендерін еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> | 16.02.22ж |

Наурыз айы 2022 жыл
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--|--------------------------|---|----------------|
| II - апта «Ертегілер елінде. Театр әлемі» | «Тышқандар» | Білімділік: Табиғи материалдардан түрлі заттар жасай білу, үлгі бойынша табиғи материалдарды дұрыс әрі тиімді пайдалануға үйрету, бөліктерді ермексазбен біріктіру. Дамытушылық: Тышқанның дене бөліктерін құрастыруда табиғи материалдарды көлемі мен пішініне қарай дұрыс пайдалана білуді үйрету, табиғи материалдармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиялды дамыту. Тәрбиелік: Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 02.03.22 ж |
| Үапта «Нұр төккен, гүл көктем» | « Мерекелік ашық хаттар» | Білімділік: Қағаздан құрастыруға, қағаздың тікбұрышты парағын қос бүктеу, бұрыштарды және тараптарды біріктіру, пішініне сәйкес әшекейлей білуге үйрету. Қағаздан құрастыру арқылы ашықхат жасай білуге үйрету. Дамытушылық: Оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; өз-өздеріне баға беру дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Жақындарына сыйлық жасау арқылы құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. | 16.03.22 ж |

Сәуір айы 2022 жыл
Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

| Апталық тақырыптар | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|------------------------------|--------------------------------|---|----------------|
| I апта «Аялайық гүлдерді» | « Гүлзарда өсіп тұрған гүлдер» | Білімділік: Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды үйрету. Дамытушылық: Саусақ моторикасын, қол икемділіктерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: Айналадағы әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу. | 13.04.22ж |

| | | | |
|--|------------------|--|------------------|
| <p>III- апта «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»</p> | <p>« Қанқыз»</p> | <p>Білімділік:Қалдық заттардан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Дамытушылық:Қалдық заттарды қолдана отырып қанқыз қоңызын жасау жолдарын үйрету. Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік:Жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> | <p>27.04.22ж</p> |
|--|------------------|--|------------------|

Мамыр айы 2022жыл
Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

| Апта | Тақырыбы | Бағдарламалық мақсаты | Мерзімі |
|--------------------------------------|--------------------------|--|------------------|
| <p>III - апта «Көңілді жаз»</p> | <p>« Желкенді қайық»</p> | <p>Білімділік: Қалдық заттармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, дайын болған жұмыстарды толықтыру және безендіру арқылы шығармашылық қиялын дамыту, көрнекіліктерге сүйене отырып белгілі бір заттарды жасай білуге үйрету Дамытушылық:Суда жүзетін көлік түрлерімен таныстыру арқылы қалдық заттармен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын ояту, желкенді қайық жасай білуге үйрету; Тәрбиелік:Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.</p> | <p>11.05.22ж</p> |
| <p>Ү апта «Мен жасай аламын»</p> | <p>« Кірпі»</p> | <p>Білімділік: Табиғи материалдармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орман аңдары туралы білімдерін бекіту, табиғи материалдарды тиімді пайдалануға үйрету. Дамытушылық:Табиғи материалдарды пайдаланып кірпіні құрастыра білуге үйрету. Кірпі туралы білімдерін бекіту, өз беттерінше түстерді дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік:Табиғи материалдармен ермексазды тиімді пайдалана отырып ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> | <p>25.05.22ж</p> |

